

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 126 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 мамырда № 4187 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 20.01.2016 № 8 (қол қойған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 20.05.2015 № 118 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18, 238 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, «Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін келісу туралы» Астрахан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 5С-28-4 шешімінің негізінде, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі, қосымшаға сәйкес, айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
М . Қ . Қ о ж а х м е т к е ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы 2014 жылдың 18 ақпанынан бастап туындаған құқықтық
қ а т ы н а с т а р ғ а т а р а й д ы .

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

Т.Ерсейітов

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 20.05.2015 № 118 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы, мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысының оқу, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, бөлімше (сектор, бөлімше бөлігі (бөлімі) кабинет) басшысы, кітапхана меңгерушісі;

2) мамандар (бас, аға), соның ішінде; барлық мамандықтағы мұғалімдер, кітапханашы, жетекші, тәрбиеші, емдәм бикесі, зертханашы, шебер, медициналық бике, әдістемеші, музыкалық жетекші, оқытушы, психолог.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшысының орынбасары;

2) меңгеруші, оның ішінде үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесі;

3) мамандар (бас, аға), соның ішінде; күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшысының орынбасары, бөлімше басшысы, кітапхана, клуб меңгерушісі;

2) көркемдік жетекші, үйірме жетекшісі, музыкалық жетекші;

3) мамандар (бас, аға), соның ішінде; аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы, әдістемеші, редактор, режиссер, барлық атаудағы суретшілер.

4. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшысының орынбасары;

2) мамандар (бас, аға), оның ішінде; барлық мамандықтағы дәрігерлер, нұсқаушы, әдістемеші, медициналық бике, жаттықтырушы.

5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы және

б а с ш ы с ы н ы ң

о р ы н б а с а р ы ;

2) бөлімше басшысы (сектор, бөлімше, филиал);

3) мамандар (бас, аға), оның ішінде; мал дәрігері, мал фельдшері, эпизоотолог, техник.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК